



Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Заңның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

Ескерту. Бұкіл мәтінінде "терроршылдыққа", "терроршылдық", "терроршылдықты", "терроршылдықтың", "терроршылдықтан", "террорлық", "террорлыққа", "терроршыларды", "терроршы", "терроршылардың", "терроршылармен", "терроршымен", "терроршыны", "терроршыларға", "терроршыға" деген сөздер тиісінше "терроризмге", "терроризм", "терроризмді", "терроризмнің", "терроризмнен", "террористік", "террористікке", "террористерді", "террорист", "террористердің" "террористермен", "террористпен", "террористі", "террористерге", "террористке" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2002.02.19 № 295 Заңымен.

Осы Заң терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидаттарын, мақсатын, құқықтық және ұйымдастыруышылық негіздерін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Мәтін бойынша "террористік акцияларды", "террористік акцияларға", "террористік акциялардың", "террористік акция", "террористік акцияны", "террористік акцияның", "террористік акциядан" деген сөздер тиісінше "терроризм актілерін", "терроризм актілеріне", "терроризм актілерінің", "терроризм актісі", "терроризм актісін", "терроризм актісінің", "терроризм актісінен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) адамдар көп жиналатын обьектілер – қоғамдық тамақтану, көліктік инфрақұрылым (автомобилдік және қалалық рельсті көлік саласындағы) обьектілері, сондай-ақ сауда, спорт, ойын-сауық обьектілері, концерт залдары және өзге де көпшілікке арналған құрылыштар, білім беру және денсаулық сақтау ұғымдары, туристерді орналастыру орындары;

2) арнаулы мақсаттағы бөлімше – терроризм актілерінің жолын кесу үшін құрылған бөлімше;

3) кепілге алынған адам – кепілге алынған және (немесе) ұсталған адамды босату шарты ретінде мемлекеттік органды, жергілікті өзін-өзі басқару органын немесе халықаралық ұйымды қандай да бір іс-қимыл жасауға немесе қандай да бір іс-қимыл жасаудан тартынуға мәжбүрлеу мақсатында кепілге алынған және (немесе) ұсталған жеке адам;

3-1) күзетілетін объектілер – күзетілетін адамдардың болуына арналған ғимараттар, құрылыштар мен құрылышжайлар, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақ пен акватория;

4) күш қолдану идеологиясы – күш қолдануды, оның ішінде саяси, діни, идеологиялық және өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін террористік әдістер мен құралдарды пайдалана отырып күш қолдануды жақтайтын қоғамдық теориялар, көзқарастар мен идеялар жүйесі;

5) терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы;

6) терроризм актісі – адамдардың қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау;

6-1) терроризм актісін жасауға шақыру – жария түрде айтылған немесе таратылатын ақпараттық материалда көрініс тапқан, жеке тұлғаны терроризм актісін жасауға итермелей мақсатында оның санасына, еркіне және мінездүлкүнна әсер ететін үндеу;

7) терроризмге қарсы операция – адам күшін, қызметтік иттерді, жауынгерлік және өзге де техниканы, қару мен арнайы құралдарды пайдалана отырып, терроризм актісінің алдын алу, жолын кесу, террористерді, жарылғыш

құрылғыларды зиянсыздандыру, жеке тұлғалар мен үйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ терроризм актісінің салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі арнайы іс-шаралар кешені.

Күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шаралары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының шешімі бойынша осы Занға сәйкес терроризмге қарсы операциялар шеңберінде өткізіледі;

8) терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі – терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмыс істеуінің айрықша режимі, бұл кезде терроризмге қарсы операция өткізілетін аймақта терроризмге қарсы операцияны өткізу кезеңіне жекелеген шаралар, азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтарына уақытша шектеулер белгілеуге жол беріледі;

9) терроризмге қарсы операцияны өткізу аймағы – терроризмге қарсы операцияның басшысы айқындаған, шегінде аталған операция өткізілетін жердің немесе акваторияның жекелеген участкелері, әуе кеңістігі, көлік құралы, үй, құрылыс, ғимарат, үй-жай және оларға іргелес аумақтар;

10) терроризмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының:

терроризм профилактикасы;

террористік іс-әрекетті анықтау, оның жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және тергеу;

шұғыл медициналық көмек көрсету, медициналық-психологиялық сүйемелдеу, авариялық-құтқару және өртке қарсы іс-шаралар өткізу, террористік әсер етуге ұшыраған обьектілердің қалыпты жұмыс істеуін және экологиялық қауіпсіздігін қалпына келтіру, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарды және оның жолын кесуге қатысқан адамдарды әлеуметтік оңалту, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарға моральдық және материалдық зиянды өтеу жолымен терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметі;

11) терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі үәкілдегі мемлекеттік орган – терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті ведомствоаралық үйлестіруді өз өкілдегі шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) терроризмді қаржыландыру – жеке тұлғаның не адамдар тобының не занды тұлғаның іс-әрекетінің террористік сипатын не берілген мүліктің,

көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің террористік іс-әрекетті жүзеге асыру не террористік топты, террористік ұйымды, зансыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мұлікті, мұлікке құқықты немесе мұліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі;

13) терроризм профилактикасы – мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын, терроризмнің пайда болуы мен таралуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою жөніндегі құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастыруышылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар кешені;

14) террорист – террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға қатысушы адам;

14-1) террористік материалдар – терроризм актісін жасау тәсілдері мен құралдары туралы ақпаратты, сондай-ақ террористік іс-әрекет белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не осындай іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар;

15) террористік топ – бір немесе бірнеше террористік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдастық топ;

16) террористік тұрғыдан осал объектілер – терроризмге қарсы қорғалуын міндетті ұйымдастыру талап етілетін аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық, қауіпті өндірістік объектілер, сондай-ақ экономика салаларының стратегиялық маңызы бар объектілері, адамдар көп жиналатын объектілер, күзетіletіn объектілер;

16-1) террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы – терроризм актісін жасауға кедергі келтіретін, сондай-ақ ол жасалған жағдайда салдарларын барынша азайтуды және жоюды қамтамасыз ететін жағдайлардың болуын сипаттайтын террористік тұрғыдан осал объектінің жай-күйі;

16-2) террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау – объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастыруышылық шаралар мен техникалық құралдар кешені;

17) террористік ұйым – террористік іс-әрекетті жүзеге асыратын не өзінің іс-әрекетінде терроризмді пайдалану мүмкіндігін мойындайтын, оған қатысты террористік ұйым деп тану туралы сот шешімі қабылданған және занды күшіне енген ұйым;

18) террористік іс-әрекет – төмендегі әрекеттердің кез келгенін жасау:
терроризм актісін ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, қаржыландыру және
іске асыру;

терроризм актісін жасауға айдал салу;

терроризм актісін жасау мақсатында заңсыз әскерилендірілген құралымды,
қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), ұйымдастқан топты
ұйымдастыру, сол сияқты осындай құрылымдарға қатысу;

террористік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру
немесе даярлау не қаруландыру;

терроризм актісін ұйымдастыруға, жоспарлауға, дайындауға және жасауға
ақпараттық түрғыдан немесе өзгедей жәрдемдесу;

терроризм идеяларын насихаттау, террористік материалдарды тарату, оның
ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін
пайдалана отырып тарату, сондай-ақ терроризм актісін жасауға жария түрде
шақыру;

көрсетілген әрекеттер террористік іс-әрекетті жүзеге асыру не террористік
ұйымды қамтамасыз ету үшін пайдаланатынын ұғына отырып, террористерге,
сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекеті
террористік деп танылған ұйымдарға қаржылық, құқықтық көмек көрсету
немесе өзге де жәрдемдесу.

жалдамалылық;

жалдамалыларды даярлайтын базалар (лагерьлер) құру;

халықаралық корғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл
жасау;

Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қолсұғушылық;

диверсия;

террористік әрекетке қатысу үшін террористік даярлықтан өту, оның ішінде
үйрету орнына бару;

адамды кепілге алу;

ғимараттарға, құрылышжайларға, қатынас және байланыс қуралдарына
шабуыл жасау немесе оларды басып алу;

әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол құрамын айдал әкету, сол
сияқты басып алу.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми
жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 №**

244-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 16.11.2015 № 403-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2022 № 131-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсө, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

3-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидаттары мен мақсаты

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV, 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл мынадай негізгі:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау, террористік қылмыстарды жасау салдарынан қауіп төнген адамдардың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен занды мүдделерін қорғау басымдығы;

2) зандалықты сақтау;

2-1) терроризмге қарсы іс-қимыл шараларының террористік қауіп дәрежесіне мөлшерлес болуы;

3) терроризмнің алдын алуға басымдық беру;

4) террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жазаның болмай қалмайтындығы;

5) терроризмге қарсы іс-қимылдың саяси, ақпараттық-насихаттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларының жүйелі болуы және оларды кешенді пайдалану;

6) терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде тартылатын күштер мен құралдарға жедел басшылық жасауда дара басқару;

7) терроризмге қарсы іс-қимылдың жария және жария емес әдістерінің ұштасуы;

8) терроризмге қарсы операциялардың тактикасы, нысандары, әдістері, құралдары және қатысушыларының құрамы туралы мәліметтерге шектеулі қолжетімділікті қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

2. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты жеке адамды, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV, 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тaraу. Терроризмге қарсы іс-қимылды ұйымдастырудың негіздері

Ескерту. 2-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

4-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылдың жалпы мемлекеттік жүйесі

1. Мемлекет террористердің қол сұғышылығынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектісі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті:

1) терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;

2) терроризм актісі қатерінің төнуі туралы халықты уақтылы хабардар ету және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүзеге асыратын, оны жасауға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті ұйымдастыру мақсатында ақпарат мониторингінің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі және халықты терроризм актісі қатерінің төнуі туралы хабардар ету қағидаларын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекітеді;

4) терроризмге қарсы комиссиялар туралы үлгілік ережені бекітеді;

5) терроризмге қарсы күрес жөніндегі республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) және теңіздік жедел штабтары туралы ережені бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде, ішкі және аумақтық суларында, балық аулау аймағында, континенттік қайраңында терроризм актілерінің жолын кесу үшін, теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қаруды, жауынгерлік техниканы және арнайы құралдарды қолдану тәртібі туралы нұсқаулықты бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілдегітерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтің қажетті күштермен, құралдармен және ресурстармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) терроризмнің алдын алу, терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруды ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындауды;

4) объектілерді террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын, террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, сондай-ақ террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекітеді;

5) арнаулы және түзеу мекемелерінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жасау бойынша ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура органдарының және діни қызмет саласындағы уәкілетті органның өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекітеді;

6) терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидаларын бекітеді;

7) терроризм актісінің салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүліктік зиянды өтеу қағидаларын бекітеді;

8) терроризмге қарсы іс-қимыл саласында өзіне Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындауды.

4. Мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары терроризмге қарсы іс-қимылды өз құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады, ол:

1) мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің үйлестіреді;

2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қауіпсіздік жүйелерін жетілдіру және террористік қатерлерді бейтараптандыруға дайын болу жөніндегі шаралар кешенін іске асыруын бақылауды жүзеге асырады;

3) өз өкілеттігі шегінде терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

4) Қазақстан Республикасының Президентіне терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша қолданылатын шаралар туралы жыл сайынғы баяндаманы ұсынады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентін және Үкіметін террористік қатерлер туралы ағымдағы хабардар етуді жүзеге асырады;

5) террористік тұрғыдан осал объектілердің басшыларын террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігі туралы хабардар ету, терроризмге қарсы іс-қимыл мен терроризмге қарсы қорғалу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, құзетілетін объектілерді қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризм актісінің жасалуына кедергі болуға, оның салдарларын терроризмге қарсы практикалық оқу-жаттығулар, жаттығулар мен эксперименттер өткізу жолымен барынша азайтуды және жоюды қамтамасыз етуге дайындығын бағалауды жүзеге асыру арқылы олардың терроризмге қарсы қорғалуы деңгейінің артуына ықпал етеді;

6) осы Занда, өзге де зандарда, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін үйлестіру осы органдардың өзара іс-қимылына қол жеткізу, өзара ақпарат алмасу және ортақ міндеттер мен мақсаттарды іске асыру үшін олардың іс-әрекеттерінің келісілуі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдардың терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы шешімдерін іске асыру үшін аталған органдардың нормативтік құқықтық және құқықтық актілері шығарылуы мүмкін.

Қызметті үйлестіруді:

терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдың жанынан құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының шеңберінде ұлттық қауіпсіздік органдары;

облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылатын терроризмге қарсы комиссиялар шеңберінде облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдіктері жүзеге асырады.

Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін олардың уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына іссапармен барады немесе жіберіледі.

Мемлекеттік органдардың уәкілетті өкілдерінің Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына іссапармен баруының немесе оларды жіберудің тәртібі Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережеде айқындалады.

Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені және терроризмге қарсы комиссиялар туралы үлгілік ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Терроризмге қарсы комиссиялар туралы үлгілік ереженің негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдері терроризмге қарсы комиссиялар туралы ережелерді бекітеді.

6. Қажет болған кезде терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке өз күзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар тартылуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдар орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының терроризм профилактикасы, сондай-ақ терроризмге қарсы комиссиялар арқылы тиісті аумақта терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Олардың шешімдерін іске асыру үшін тиісті комиссиялардың құрамына өкілдері кіретін органдардың құқықтық актілері шығарылуы мүмкін.

Ескерту. 4-бап жана редакцияда - КР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен, өзгерістер енгізілді - КР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.04.08 № 266-IV, 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 № 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2021 № 11-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-

баптан қараңыз) Зандарымен.

5-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылы

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдары өз құзыretі шегінде:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ азаматтардың көмегін пайдалана отырып, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды;

2) террористік іс-әрекетке жататын және осы мемлекеттік органдардың құзыретіне енгізілген әрекеттердің дайындалу фактілері мен белгілері туралы хабардар етеді және өзара қажетті көмек көрсетеді;

3) терроризмге қарсы бірлескен операцияларды жүргізеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

6-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылы

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары терроризмге қарсы іс-қимыл саласында ұлттық заңнамаға және халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық орнатады, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізеді.

Қазақстан Республикасы терроризм актісін кімнің қай жерде жасағанына қарамастан, террористік іс-әрекетке қатысты адамдарды басқа мемлекеттердің құзыретті органдарының сұратуы бойынша өз аумағынан қуындейдьы.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен; 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-тaraу. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының құзыretі

Ескерту. 3-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

7-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құзыреті

Терроризмге қарсы іс-қимылды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары:

Қазақстан Республикасының заңдарымен өздерінің қарауына жатқызылған террористік қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі және оларды тергеп-тексереді;

террористік қатерлерді талдауды және болжауды жүзеге асырады;

терроризмге қарсы операциялар жүргізуі үйымдастырады;

қарсы барлау іс-шаралары арқылы террористік әрекетке қарсы іс-қимылды жүзеге асырады;

шет мемлекеттердің тиісті құзыретті органдарымен, сондай-ақ халықаралық үйымдармен ынтымақтасады;

террористік және экстремистік үйымдарға қарсы іс-қимыл саласында барлау қызметін жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және олардың персоналynyң террористік қатерлерден қорғалуын қамтамасыз етуге қатысады және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің терроризмге қарсы қорғалуының Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкестігін айқындайды;

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының террористік түрғыдан осал объектілерінің тізбесін олардың санаттарына сәйкес әзірлейді және бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары:

Қазақстан Республикасының заңдарымен өздерінің қарауына жатқызылған террористік қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі және оларды тергеп-тексереді;

терроризмге қарсы операцияларды жүргізуге қатысады;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелерін, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының объектілерін, сондай-ақ қузетілетін объектілер мен Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін қоспағанда, террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылайды;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелерінің, Қазақстан Республикасы

арнаулы мемлекеттік органдары обьектілерінің паспорттарын, сондай-ақ күзетілетін обьектілердің, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің паспорттарын қоспағанда, террористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспорттарын келіседі, есепке алуды, сақтауды және (немесе) жоюды жүргізеді;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің, өзге де күзетілетін адамдардың және күзетілуге жататын обьектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, күзет іс-шараларын ұйымдастырады және жүргізеді;

санаттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің террористік тұрғыдан осал обьектілерінің тізбесін бекітеді және терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру бойынша оларға қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

күзетілетін адамдардың болуына арналған, террористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын қосымша талаптарды белгілеуге құқылы;

күзетілетін обьектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспорттарын келіседі, есепке алуды, сақтауды және (немесе) жоюды жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының шешімі бойынша күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша терроризмге қарсы операциялар жүргізіледі;

4) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде әуе, су және жер беті кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысады;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің террористік тұрғыдан осал әскери бөлімдері мен мекемелерінің тізбесін олардың санаттарына сәйкес әзірлейді және бекітеді;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің террористік тұрғыдан осал әскери бөлімдері мен мекемелерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырады;

5) алып тасталды - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органы қаржы мониторингін жүзеге асырады және "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына

сәйкес терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қолданады;

7) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты және аумақтарды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ оның салдарларын жоюға қатысады;

7-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қауіпті өндірістік объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы жай-күйінің мониторингін ұйымдастыруға қатысады;

8) сыртқы саясат саласындағы уәкілетті орган терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастық саласында Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытының іске асырылуын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының шет елдердегі террористік тұрғыдан осал мекемелерінің тізбесін олардың санаттарына сәйкес әзірлейді және бекітеді;

9) байланыс және ақпарат саласындағы уәкілетті орган әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды және этносаралық келісімді насихаттауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінде терроризм идеологиясын таратуға қарсы іс-қимылды жүзеге асырады;

9-1) мәдениет саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасында ішкі саяси тұрақтылықты және этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган террористік әсер етуге ұшыраған объектілердің қалыпты жұмыс істеуі мен экологиялық қауіпсіздігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларға қатысады;

11) мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдарды және терроризм көріністерінің әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарын қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асырады;

12) агроЛнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган гидротехникалық құрылыштардың терроризмге қарсы қорғалуы жай-күйінің мониторингін ұйымдастыруға қатысады, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды, аса қауіпті организмдер көздерінің физикалық қорғалуына мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асырады;

13) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдарды көлік-коммуникация саласының объектілерінде терроризмге қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі міндеттерді шешуге қажетті ақпаратпен жедел қамтамасыз етуді ұйымдастырады және өз құзыretі шегінде олардың терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етеді;

14) алып тасталды - ҚР 07.11.2014 № 248-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) экономикалық тергеу қызметі террористік қылмыстар жасау құралдары ретінде пайдаланылуы мүмкін қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және өзге де нәрселерді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізуді анықтау және оның жолын кесу жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ терроризмді қаржыландыру көздерінің, арналарының және тәсілдерінің алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді жүзеге асырады;

16) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган ядролық қондырылардың, радиациялық көздердің, радиоактивті материалдарды сақтау пункттерінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды бірыңғай мемлекеттік есепке алу және бақылау жүйелерін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады, өндірістік объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы жай-күйінің мониторингін ұйымдастыруға қатысады;

17) әділет органдары терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші жеке және заңды тұлғаларға және оның жолын кесуге қатысқан адамдарға өз құзыretіне қатысты мәселелер бойынша, оның ішінде қажетті құжаттарды беруде тегін қажетті құқықтық көмекті ұйымдастырады;

18) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган терроризм актісінің салдарынан зардап шеккен адамдарды және оның жолын кесуге қатысқан адамдарды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша шараларды іске асыруды және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

19) білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін және жоғары оқу орындарында факультативтік сабактар үйымдастыру арқылы қоғамда терроризмге қарсы сананы қалыптастыруды қамтамасыз етеді, террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оқалту мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

20) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган терроризм актісінің салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі шараларды іске

асыруға қатысады, шұғыл медициналық көмекті, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарды медициналық-психологиялық сүйемелдеуді үйымдастырады;

3ҚАИ-ның ескертпесі!

20-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 21.05.2022 № 123-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21) діни қызмет саласындағы уәкілетті орган конфессияаралық келісімді, азаматтардың діни қызметке құқықтарын қамтамасыз етеді және күш қолдану идеологиясы мен терроризмді насихаттауға жол бермеу мақсатында діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 № 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 326-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының терроризмге қарсы іс-қимылдағы құзыреті

Ескерту. 8-бап алып тасталды - КР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жәрдемдесудің міндеттілігі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының лауазымды адамдары терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге және қажетті көмек көрсетуге міндетті.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі туралы мәліметтерді терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға дереу хабарлауға міндетті.

3. Дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актілері туралы ақпаратты мемлекеттік органдарға беру азаматтық борышты орындау болып бағаланады. Терроризм актісін болғызбауға немесе оның жолын кесуге көмектескен ақпарат үшін терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен сыйақы белгілейді және төлейді.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - КР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен; өзгеріс енгізілді - КР 02.08.2015 № 343-V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тaraу. Террористік іс-әрекеттің алдын алу, анықтау және жолын кесу

10-бап. Террористік іс-әрекеттің алдын алу

1. Қазақстан Республикасының аумағында:

1) терроризмді насиҳаттауға;

2) террористік ұйымдардың, сондай-ақ зансыз әскерилендірілген құралымдардың құрылудына, тіркелуіне және жұмыс істеуіне тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының террористік іс-әрекетке қатысқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салуға құқығы бар.

3. Алып тасталды - КР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - КР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен, өзгеріс енгізілді - КР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-1-бап. Терроризмге ақпараттық-насиҳаттық іс-қимыл

1. Терроризмге қарсы ақпараттық-насиҳаттық іс-қимыл:

терроризмнің қауіптілігін түсіндіру;

террористер өз көзқарастары мен идеяларын насихаттауды солардың көмегімен жүзеге асыратын нысандарды, әдістерді және амалдарды әшкереу;

қоғамда терроризмге қарсы сананы қалыптастыру;

терроризм профилактикасында терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының күш-жігерін біріктіру;

терроризмді қолдаудың әлеуметтік базасын қысқарту мақсатында жүзеге асырылады.

2. Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар:

өз құзыреті шенберінде терроризмге қарсы ақпараттық-насихаттық іс-қимылды ұйымдастыруға және үйлестіруге;

осы қызметке бұқаралық ақпарат құралдары, занды тұлғалар, азаматтық қоғам институттары, діни бірлестіктер өкілдерінің қатысуын ынталандыруға;

қоғамда терроризмге қарсы сананы қалыптастыруға қатысуға міндетті.

Ескерту. 4-тaraу 10-1-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.08 № 63-V
(алғашқы ресми жариялағанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-2-бап. Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау

1. Орталық мемлекеттік органдар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар осы Заңың 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес айқындалатын, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың негізінде террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді.

Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуге объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілер қатарына жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келетін объектілердің болуы негіз болып табылады, бұл ретте объектілер:

мемлекеттік органның ведомстволары, аумақтық бөлімшелері, олардың және мемлекеттік органның қарауындағы және басқа да ведомстволық бағынысты ұйымдар болып табылатын органдар, ұйымдар болып табылады, сондай-ақ мемлекеттік органның ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуінде болады;

мемлекеттік орган іске асыратын саясат саласында (аясында) қызметті жүзеге асыру үшін арналған (пайдаланылады).

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының, ішкі істер органдарының объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелері үшін әзірленетін нұсқаулықтарды қоспағанда, террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтар:

күзетілетін объектілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен;

күзетілетін объектілер үшін – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен;

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері үшін – сыртқы барлау субъектілерімен келісіледі.

2. Террористік түрғыдан осал объектілерді қорғау мақсатында террористік түрғыдан осал нақты объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жай-күйі туралы ақпарат қолжетімділігі шектеулі ақпарат болып табылады. Шектеуге жататын ақпарат түрлері осы Заңның 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасы негізінде әзірленетін нормативтік құқықтық актілерде айқындалады.

Ескерту. 4-тaraу 10-2-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

10-3-бап. Террористік түрғыдан осал объектілер меншік иелерінің, иеленушілерінің, басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының, террористік түрғыдан осал объектілер бойынша күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің міндеттері

Ескерту. 10-3-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен.

1. Террористік түрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында осы Заңның 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген, террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойыллатын талаптарға және осы

Заңның 10-2-бабының 1-тармағында көзделген, террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес:

1) тиісті өткізу режимін, объектілерге қойылатын қойылатын талаптарға сәйкес оларды қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарақтауды қамтамасыз ету;

2) ұлгілік паспорттың негізінде – террористік түрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеу;

3) террористік түрғыдан осал объектілердің персоналымен олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру;

4) уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, терроризмге қарсы құрес жөніндегі жедел штабтармен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісі салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде қатысу жөніндегі іс-шараларды іске асыруға міндетті.

5) алып тасталды - КР 13.05.2020 № 325-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Терроризм актісі жасалған жағдайда террористік түрғыдан осал объектілердің меншік иелері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары жасалған терроризм актісі туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына немесе ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті.

1-1. Террористік түрғыдан осал объектілер бойынша күзет қызметтерін көрсету туралы шарттар жасасқан күзет қызметі субъектілері тиісті өткізу режимін қамтамасыз ету, өз персоналымен оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру, техникалық қорғау құралдарын тиісінше пайдалану жөніндегі міндеттерді осы Заңның 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген, террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға және осы Заңның 10-2-бабының 1-тармағында көзделген, террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес орындаиды.

2. Тиісті іс-шараларды іске асыру мақсатында террористік түрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары қажетті қаржыландыруды көздеуге міндетті.

3. Террористік түрғыдан осал объектілердің меншік иелерінің, иеленушілерінің, басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының,

сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілер бойынша қүзет қызметтерін көрсету туралы шарттар жасасқан қүзет қызметі субъектілерінің осы бапта көзделген міндеттерді орындауы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта алды келеді.

Ескерту. 4-тaraу 10-3-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-4-бап. Террористік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға жол бермеу

1. Қазақстан Республикасының аумағына террористік материалдарды әкелуге, оларды басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын және террористік іс-әрекет белгілері және (немесе) оны жүзеге асыруға, оның ішінде терроризм актісін жасауға шақыру қамтылған не осындай іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздейтін немесе ақтайтын ақпараттық материалдарды прокурордың өтініші бойынша осындай талаптарды мәлімдеген прокурордың орналасқан жері бойынша немесе осындай материалдардың табылған жері бойынша сот оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым сала отырып, террористік деп таниды.

Ескерту. 4-тaraу 10-4-баппен толықтырылды - ҚР 03.11.2014 № 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Террористік іс-әрекетті анықтау

1. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдары террористік іс-әрекетті анықтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдар, террористік іс-әрекет белгілері бар барлық оқиғалар туралы терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдарға хабарлауға міндетті.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2010.04.08 № 266-IV Занымен.

12-бап. Терроризм актісінің жолын кесу

1. Терроризм актісінің жолын кесу, террористерді, жарылғыш заттарды зиянсыздандыру, жеке адамдар мен ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның зардалтарын барынша азайту және (немесе) жою мақсатында терроризмге қарсы операция жүргізіледі.

2. Адамдардың өмірі мен денсаулығын, материалдық құндылықтарды және обьектілерді сақтау, сондай-ақ күш қолданбастан терроризм актісінің жолын кесу мүмкіндіктерін зерделеу мақсатында террористермен келіссөз жүргізуге жол беріледі. Келіссөз жүргізу оралымды штаб басшысы осыған арнайы уәкілдік берген адамға тапсырылады.

3. Егер террористің (террористердің) терроризм актісін тоқтатуға келіспеуі себепті онымен (олармен) келіссөздер мақсатына қол жеткізілмесе және адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп-қатер төніп тұrsa, терроризмге қарсы операцияның басшысы террористі (террористерді) жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Күзетілетін адамға немесе обьектіге айқын қауіп-қатер төнгені анықталған немесе ондай қауіп-қатерді өзге заңды құралдармен жою мүмкін болмаған жағдайда террорист (террористер) терроризмге қарсы операция басшысының өкімімен келіссөз жүргізілмей және ескерту жасалмай жойылуды мүмкін.

5. Мемлекеттік органдардың терроризмге қарсы операцияға қатысуышы бөлімшелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адам күшін, қызметтік иттерді, әскери және өзге де техниканы, қару мен арнаулы құралдарды қолданады.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - КР 2010.04.08 № 266-IV Занымен.

12-1-бап. Террористік ұйымдарды, террористік деп танылған ақпараттық материалдарды және террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алу

1. Терроризм профилактикасы, оны анықтау және оның жолын кесу мақсатында өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган соттардың шешімдері негізінде террористік ұйымдарды, террористік деп танылған ақпараттық материалдарды және террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алууды жүргізеді.

2. Сот ұйымды террористік деп таныған және террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін оны тарату арқылы іс-әрекетіне тыйым салған, сондай-ақ

ақпараттық материалдарды террористік деп таныған не террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін адамдарды жауапқа тартқан кезде өз құзыretі шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға сот ақпараттық есепке алу күжаттарын дереу жіберуге міндettі.

3. Өз құзыretі шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган сот террористік деп таныған ұйымдардың және ақпараттық материалдардың бірыңғай тізімдерін жүргізеді.

Көрсетілген тізімдер өз құзыretі шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

Ескерту. Заң 12-1-баппен толықтырылды - КР 2009.08.28 № 192-IV
(2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - КР 03.11.2014 № 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Оралымды штабтар

1. Терроризмге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында тұрақты жұмыс істейтін республикалық және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның (облыстық маңызы бар қаланың) және теңіздік жедел штабтары құрылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы республикалық жедел штабтың басшысы болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарының бастығы облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) жедел штабтың басшысы болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді және Қазақстан Республикасының Каспий теңізіндегі шекара кеңістігінде белгіленген режимдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Шекара қызметі аумақтық белімшесінің бастығы теңіздік жедел штаб басшысы болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзетілуге жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған терроризмге қарсы операцияны өткізу кезінде республикалық жедел штабтың басшысы болып табылады.

Облыстық, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) жедел штабтың басшысын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы респубикалық жедел штабтың құрамына кіретін мемлекеттік органдардың немесе олардың аумақтық органдарының өкілдері қатарынан тағайындаиды.

4. Респубикалық оралымды штабтың құрамына терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өз құзыretі шегінде терроризмге қарсы операциялар жүргізуге қажетті көмек көрсете алатын өзге де мемлекеттік органдардың басшылары кіреді.

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) және теңіздік жедел штабының құрамына терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және терроризмге қарсы операция жүргізуге өз құзыretі шегінде қажетті көмек көрсете алатын өзге де мемлекеттік органдардың басшылары кіреді.

5. Алып тасталды – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 № 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-1-бап. Терроризмге қарсы операцияға басшылық жасау

1. Терроризм актісінің қоғамдық қауіптілігінің ауқымы мен дәрежесіне, күтілетін теріс салдарларына қарай терроризмге қарсы операцияға басшылық жасауды респубикалық немесе облыстық, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) және теңіздік жедел штабының басшысы жүзеге асырады.

2. Оралымды штабтың басшысы терроризмге қарсы операция басталғаннан бастап ол аяқталғанға дейін операция басшысы және оны жүргізуғе тартылатын барлық әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметкерлері мен мамандарының бастығы болады. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес оралымды

штабтың басшысы терроризмге қарсы операцияға қатысуға тартылатын шет мемлекеттердің арнайы мақсаттағы бөлімшелері мамандарының бастығы болады.

Жаппай тәртіпсіздіктерден; ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстардан; жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық обьектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құралымдарды ұйымдастырудан және олардың қызметінен туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдар кезінде терроризмге қарсы операцияны жүргізу туралы шешім әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдардың алдын алу және оларды жою мақсатында құрылған республикалық және (немесе) өнірлік жедел штабтармен келісілгеннен кейін қабылданады.

3. Төтенше жағдай режимі кезінде терроризмге қарсы операцияны жүргізу туралы шешім Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссиямен немесе жергілікті жердің коменданттымен келісілгеннен кейін қабылданады.

4. Республикалық жедел штабтың басшысы терроризм актісінің жасалғаны туралы немесе оның дайындалып жатқаны, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияның басталғаны туралы расталған ақпаратты алған кезде Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне деруе хабарлайды.

5. Атқаратын қызметіне қарамастан басқа лауазымды адамның терроризмге қарсы операцияның оралымды басшылығына заңсыз араласуына жол берілмейді.

6. Жедел штабтың басшысы:

1) терроризмге қарсы операцияның жүргізілу аймағының шекарасын, басталу және аяқталу уақытын айқындаиды, берілген күштер мен құралдарды пайдалану бағыттары мен шектері туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте терроризм актісінің қоғамдық қауіптілігінің ауқымдары мен дәрежесіне, күтілетін теріс салдарына қарай, көрсетілген шешімдерді – әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың алдын алу және оны жою мақсатында құрылған республикалық немесе өнірлік жедел штабпен, төтенше жағдай режимі кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссиямен немесе жергілікті жердің коменданттымен келіседі;

2) бұқаралық ақпарат құралдарының және жүртшылықтың өкілдерімен байланыста болу үшін жауапты жедел штабтың өкілін айқындаиды;

3) терроризмге қарсы операцияны жүргізу туралы шешім қабылдайды және жауынгерлік өкім (жауынгерлік бұйрық) береді.

7. Осы баптың 2, 3-тармақтарында және 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген, терроризмге қарсы операцияны жүргізуді келісу жөніндегі міндеттер күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі терроризмге қарсы операцияларға қолданылмайды.

Ескерту. Заң 13-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.08 № 266-IV, өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

14-бап. Терроризмге қарсы операцияларды жүргізуге тартылатын күштер мен құралдар

1. Терроризмге қарсы операцияларды жүргізу үшін оралымды штабтарға терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қажетті күштері мен құралдары беріледі.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес, қажет болған жағдайларда терроризмге қарсы операцияға қатысу үшін шет мемлекеттердің арнайы мақсаттағы бөлімшелері тартылуы мүмкін.

3. Терроризмге қарсы операция жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері осы Заңға және "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша қолданылады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-1-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін терроризм актілерінің жолын кесу үшін қолдану

Ескерту. 14-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 10.01.2015 № 275-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері:

1) терроризм актісін жасау үшін пайдаланылатын не террористер басып алған әуе кемелері ұшының жолын кесуге;

2) Қазақстан Республикасының ішкі және аумақтық суларында, балық аулау аймағында, континенттік қайрақында орналасқан теңіздегі экономикалық қызмет объектілерінде терроризм актілерінің жолын кесуге, сондай-ақ теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген тәртіппен терроризмге қарсы операцияның өткізуіне қатысу үшін қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері терроризмге қарсы операцияны өткізу кезінде осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы қолданады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне терроризмге қарсы операцияны өткізу аймағында дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды қолдану және жауынгерлік техниканы пайдалану шарттарына, тәртібі мен шегіне қатысты бөлігінде "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелері қолданылады.

Ескерту. 4-тaraу 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.08 № 63-V
(алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2021 № 11-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
Заңдарымен.

14-2-бап. Әуе кеңістігіндегі терроризм актілерінің жолын кесу

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қару мен жауынгерлік техниканы әуе кеңістігіндегі терроризм актісінің қатерін жою немесе жолын кесу мақсатында қолданады.

2. Егер әуе кемесі жердегі басқару пункттерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзуды тоқтату туралы радиокомандаларына және (немесе) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің оны жолдан ұстап қалуға көтерілген үшү аппаратуралы радиокомандалары мен көрінетін белгілеріне ден қоймаса не себебін түсіндірмей, радиокомандаларға және көрінетін белгілерге бағынудан бастартса, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қару мен жауынгерлік техниканы осы әуе кемесін қонуға мәжбүрлеу арқылы оның ұшының жолын кесу үшін қолданады. Егер әуе кемесі қону туралы талаптарға бағынбаса және

адамдардың қаза табуының не техногендік апат туындауының нақты қаупі төнсе, қару мен жауынгерлік техника аталған әуе кемесін жойып жіберу арқылы оның ұшуының жолын кесу үшін қолданылады.

3. Егер әуе кемесін терроризм актісін жасау үшін пайдалану туралы немесе әуе кемесін басып алу туралы анық ақпарат бар болса және бұл ретте қалыптасқан мән-жайлардан туындастын, оны қондыру үшін қажетті барлық шаралар таусылса және адамдардың қаза табуының не техногендік апат туындауының нақты қаупі төнсе, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қару мен жауынгерлік техниканы аталған әуе кемесін жойып жіберу арқылы оның ұшуының жолын кесу үшін қолданады.

**Ескерту. 4-тaraу 14-2-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.08 № 63-V
(алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

14-3-бап. Қазақстан Республикасының ішкі және аумақтық суларында, балық аулау аймағында, континенттік қайрақында және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде терроризм актілерінің жолын кесу

Ескерту. 14-3-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 23.02.2021 № 11-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Қазақстан Республикасының ішкі және аумақтық суларында, балық аулау аймағында, континенттік қайрақында терроризм актісінің қатерін жою мақсатында және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қаруды, жауынгерлік техниканы және арнайы құралдарды қолданады.

2. Егер теңіз немесе өзен кемелері және корабльдер (жүзу құралдары) Қазақстан Республикасының су кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзуды тоқтату туралы командаларға және (немесе) белгілерге ден қоймаса не тоқтау туралы талаптарға бағынудан бас тартса, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери корабльдерінің (ұшу аппараттарының) қаруы терроризм актісінің қатерін жою мақсатында жүзу құралын тоқтауға мәжбүрлеу үшін қолданылады. Егер жүзу құралы тоқтау туралы талапқа бағынбаса және (немесе) оны тоқтауға мәжбүрлеу мүмкін болмаса және бұл ретте қалыптасқан мән-жайлардан туындастын, оны тоқтату үшін қажетті барлық шаралар таусылса және адамдардың қаза табуының не экологиялық апат туындауының нақты қаупі төнсе, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери корабльдерінің (ұшу аппараттарының) қаруы жүзу құралын жойып жіберу арқылы оның қозғалысының жолын кесу үшін қолданылады.

Ескерту. 4-тарау 14-3-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 23.02.2021 № 11-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

15-бап. Терроризмге қарсы операция өткізілетін аймақтағы құқықтық режим

1. Терроризм актісінің жолын кесу және оны ашу, оның салдарларын барынша азайту, тізбесі "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген күзетіletіn адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғау мақсатында терроризмге қарсы операция басшысының шешімі бойынша оның өткізу шегінде терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі оны өткізу кезеңіне енгізу мүмкін.

2. Терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін енгізу туралы шешім (шегінде (соларда) осындай режим енгізілетін аймақты (объектілер тізбесін) және қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер тізбесін айқындауды қоса алғанда) және оның күшін жою туралы шешім тиісті аумақтың халқына, жергілікті атқарушы органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, ұйымдарының әкімшіліктеріне, объектілерінің басшыларына бұқаралық ақпарат құралдары мен телекоммуникация желілері арқылы дереу жеткізіледі.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-1-бап. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу кезеңінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер

1. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағында терроризмге қарсы операцияға қатысушы тұлғалардың:

1) жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруді жүргізуге, ал олар болмаған жағдайда – жеке басын анықтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке тұлғаларды ұстауды жүзеге асыруға және оларды ішкі істер органдарына немесе басқа да мемлекеттік органдарға жеткізуғе;

2) жеке қарап тексеруге және жеке адамның заттарын қарап тексеруге, көлік құралдарын, оның ішінде техникалық құралдарды пайдалана отырып куәгерлердің қатысусынсыз қарап тексеруге;

3) құқық бұзушылықтарды немесе терроризмге қарсы операцияға қатысатын адамдардың занды талаптарына кедергі келтіруге бағытталған өзге де әрекеттерді жасаған немесе жасайтын, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағына рұқсатсыз кірумен немесе кіруге әрекет жасаумен байланысты әрекеттері үшін адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұстаяға және ішкі істер органдарына жеткізуге;

4) жеке адамдарды жекелеген объектілерден, жергілікті жер мен су қеңістігі учаскелерінен кетіруге, көлік құралдарының, оның ішінде дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің көлік құралдарының жол жүрісін, оларды сүйреп әкетуді қоса алғанда, шектеуге немесе тыйым салуға;

5) радиоэфир мониторингін жүргізу, телефонмен сөйлесуді және телкоммуникациялық жүйелер арналары арқылы берілетін өзге де ақпаратты бақылау үшін, сондай-ақ электрлі байланыс арналары мен поча жөнелтілімдерінде іздестіруді жүзеге асыру үшін арнайы байланыс құралдарын қоса алғанда, байланыс құралдарын қызметтік мақсатта пайдалануға;

6) егер кешеуілдеу адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тәндіруі мүмкін болса, жедел медициналық жәрдемді қажет ететін адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу, терроризм актісі жасалған жерге бару үшін, сондай-ақ терроризм актісін жасады деп құдік келтірілген адамдардың ізіне тұсу және оларды ұстая үшін көлік құралдарын (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің көлік құралдарынан басқа) меншік иелеріне материалдық зиян келтірілген жағдайда оны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен өтей отырып, пайдалануға;

7) адам күшін, қызметтік иттерді, әскери және өзге де техниканы, қаруды және арнаулы құралдарды террористерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ескертулерсіз және шектеулерсіз қолдануға;

8) егер кешеуілдеу адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп туғызатын болса, жеке және занды тұлғалардың меншігіндегі немесе иелігіндегі және пайдалануындағы тұрғын үйлер мен өзге де үй-жайларға және оларға жеке меншік құқығымен немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелеріне кедергісіз кіруге құқығы бар.

Оралымды штаб басшысы не ол уәкілеттік берген адам азаматтардың тұрғын үйіне кірген жағдайлар туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарлайды.

2. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағында оралымды штаб басшысының шешімі бойынша мынадай уақытша шектеулер қолданылуы мүмкін:

1) қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата тұру;

2) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабының 1-2-тармағына сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғаларға байланыс қызметін көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) байланыс желісі мен құралдарын қолдануды шектеу;

3) қоғамдық тәртіптің, мемлекеттік құзетке жататын объектілердің, халықтың тұрмыс-тіршілігін және көліктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің, сондай-ақ ерекше материалдық, тарихи, ғылыми, көркем немесе мәдени құндылығы бар объектілердің құзетілуін күшайту;

4) терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақта тұратын жеке адамдарды уақытша көшіру;

5) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы, ветеринариялық іс-шараларды және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

6) қарумен, оқ-дәрілермен, жарылғыш заттармен, күшті өсер ететін химиялық және улы заттармен сауданы шектеу немесе оған тыйым салу, дәрілік, есірткілік, психотроптық заттар мен прекурсорлар, этил спирті мен алкогольді өнімдер айналымының айрықша режимін орнату;

7) құзет қызметін тоқтата тұру.

3. Терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақта осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген шаралардың бүкіл кешені мен уақытша шектеулер сияқты жекелеген шаралар мен уақытша шектеулер де белгіленуі (енгізілуі) мүмкін.

4. Терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің болуына және олардың дыбыс жазуды, фото және бейнетүсіруді жүзеге асыруына оралымды штаб басшысының рұқсатымен ғана жол беріледі.

5. Терроризмге қарсы операция жүргізуге қатысушы адамдардың операция басталған кезден бастап ол аяқталған кезге дейінгі іс-қимылды қажетті қорғаныс жағдайында немесе аса қажетті жағдайда жасалатын іс-қимыл деп есептеледі.

Ескерту. Заң 15-1-баппен толықтырылды - КР 2010.04.08 № 266-IV Занымен, өзгерістер енгізілді - КР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 № 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. Терроризм актісі салдарынан зардап шеккен адамдардың залалдарын өтеу және оларды әлеуметтік жағынан оналту

16-бап. Терроризм актісінің салдарынан немесе оның жолын кесу кезінде келтірілген зиянды өтеу

1. Жеке және заңды тұлғаларға терроризм актісінің салдарынан келтірілген мұліктік зиянды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Терроризм актісінің салдарынан келтірілген моральдық зиянның орнын толтыру оны жасаған адамдардың есебінен жүзеге асырылады.

3. Терроризм актісінің жолын кесу кезінде терроризм актісін жасаушы адамның (адамдардың) денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян, сондай-ақ осы адамның (адамдардың) өлуінен туындаған зиян өтелуге жатпайды.

4. Терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - КР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

17-бап. Терроризм актісінен зардап шеккен адамдарды әлеуметтік оналту

Терроризм актісінен зардап шеккен адамдарды әлеуметтік оналту Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тегін қажетті құқықтық көмекті, психологиялық және медициналық оналтуды қамтиды.

17-1-бап. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оналту

Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде әлеуметтік оналту қамтамасыз етіледі.

Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оналту құқықтық, білім беру, психологиялық, медициналық, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық көрсетілетін қызметтерді қамтиды.

Ескерту. 5-тарау 17-1-баппен толықтырылды - КР 13.05.2020 № 326-VI
Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылға қатысуши адамдарды қорғау

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ терроризмге қарсы іс-қимылда көмек көрсететін адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне өмірі мен денсаулығына қатер тәнген жағдайда, олардың өтініштері бойынша келбетін, тегін, атын және әкесінің атын, сондай-ақ жұмыс орны мен тұрғылықты жерін осы органдарды ұстауға бөлінген қаражат есебінен өзгертуді жүзеге асыруға болады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

19-бап. Террористі келтірілген зиян үшін жауаптылықтан босату

Терроризмге қарсы операция жүргізу кезінде осы Заңда белгіленген негізде және шектерде террористің денсаулығы мен мүлкіне, сондай-ақ өзге де құқықпен қорғалатын мүдделеріне лажсыз зиян келтіруге жол беріледі. Бұл орайда терроризмге қарсы іс-қимылға қатысуши әскери қызметшілер, мамандар және басқа адамдар терроризмге қарсы операция жүргізу кезінде келтірілген зиян үшін немесе террористі жою туралы шешім қабылдағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

6-тарау. Террористік іс-әрекетке қатысқаны үшін жауаптылық

20-бап. Адамдардың террористік іс-әрекетке қатысқаны үшін жауаптылығы

1. Террористік іс-әрекетке қатысуши адамдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық жауапты болады.

2. Егер терроризм актісін дайындауға қатысқан адам мемлекеттік органдарға дер кезінде ескертсе немесе терроризм актісін болғызбауға өзге де әдіспен жәрдемдессе және оның іс-қимылында өзге қылмыс құрамы болмаса, ол қылмыстық жауаптан босатылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 № 175-IV Заңымен.

21-бап. Ұйымдардың террористік іс-әрекет үшін жауаптылығы

1. Террористік іс-әрекетті жүзеге асырған жағдайда ұйымның, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) іс-әрекетіне оны

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен террористік дептану және тарату арқылы тыйым салынады.

2. Террористік деп танылған үйымды тарату кезінде оған (филиалы мен өкілдігіне) тиесілі Қазақстан Республикасы аумағындағы мұлкі тәркіленеді және мемлекет кірісіне өндіріп алынады.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.11.2014 № 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-1-бап. Терроризм актісін жасауы салдарынан, сондай-ақ олар жасаған терроризм актісінің жолын кесу кезінде өлген адамдарды жерлеу тәртібі

Терроризм актісін жасауы салдарынан, сондай-ақ олар жасаған терроризм актісінің жолын кесу кезінде өлгендіктен, террористік іс-әрекетке қатысуына байланысты өздеріне қатысты қылмыстық қуғындау тоқтатылған адамдарды жерлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады. Аталған адамдардың мәйіттері жерлеуге берілмейді және олар жерленген орын туралы хабарланбайды.

Ескерту. 6-тарау 21-1-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. Қазақстан Республикасының терроризмге қары іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының арнаулы мақсаттағы бөлімшелерін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

Ескерту. 7-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

22-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қары іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының арнаулы мақсаттағы бөлімшелерін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының терроризмге қары іс-қимылды жүзеге асыратын арнаулы мақсаттағы бөлімшелерін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.08 № 266-IV Заңдарымен.

8-тарау. Терроризмге қары іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыру заңдылығын бақылау мен қадағалау

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

23-бап. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын бақылау

Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын бақылауды терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңымен.

23-1-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелерін, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының, ішкі істер органдарының объектілерін, сондай-ақ күзетілетін объектілер мен Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін қоспағанда, бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарын сақтауы мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелерінің, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары, ішкі істер органдары объектілерінің, сондай-ақ күзетілетін объектілер мен Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылауды қоспағанда, мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлері тексеру нысанында жүзеге асырады.

3. Тексеру жүргізу тәртібі осы Заңының 23-2-бабында айқындалады.

4. Террористік тұрғыдан осал, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелерінің, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары, ішкі істер органдары объектілерінің, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылау тиісті

мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Күзетілетін объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тaraу 23-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

23-2-бап. Тексеру жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектілерін (объектілерін) тексеруді Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бақылау субъектісінің (объектісінің) жұмыс уақытында мерзімділік негізде және жоспардан тыс жүргізеді.

2. Мерзімділік негіздегі тексеру бақылау объектісіне бару арқылы екі жылда бір рет жүргізіледі.

3. Жоспардан тыс тексеру бақылау объектісіне бару арқылы:

1) анықталған бұзушылықтарды жою туралы берілген нұсқамалардың орындалуын бақылау;

2) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, өңірлерінің немесе елді мекендерінің аумағында террористік қауіптілік деңгейін енгізу кезінде респубикалық, облыстық, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабы басшысының шешімі;

3) террористік түрғыдан осал объектілерде терроризм актісінің ықтимал қатерлері туралы ақпарат келіп түскен жағдайда, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың терроризмге қарсы комиссиясы төрағасының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

4. Осы баптың 3-тармағы 1) тармақшасының негізінде жүзеге асырылатын жоспардан тыс тексеруді Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болған фактілер мен мән-жайларды тексеру мақсатында және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген бұзушылықтарды жою мерзімі аяқталғаннан кейін отыз жұмыс күнінен кешіктірмей тағайындалады.

5. Жоспардан тыс тексеру жүргізілгеннен кейін мерзімділік негіздегі тексеру анықталған бұзушылықтар жойылған жағдайда, жоспардан тыс тексеру аяқталған күннен бастап екі жыл өткен соң тағайындалады.

6. Тексеру бақылау субъектісін алдын ала хабардар етпестен, тексеру тағайындау туралы актінің негізінде жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкері (қызметкерлері) террористік тұрғыдан осал объектілерді тексеру кезінде:

- 1) тексеру тағайындау туралы актіні;
- 2) қызметтік күелікті көрсетуге міндетті.

8. Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, алға қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және жеті жұмыс күнінен аспауға тиіс.

9. Тексеру жүргізу мерзімін Қазақстан Республикасы ішкі істер органының басшысы немесе оны алмастыратын адам құрделі және (немесе) ұзақ мерзімді сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайда ғана тек бір рет ұзартуы мүмкін. Тексеруді ұзарту мерзімі сараптама нәтижелері алынған күнінен бастап үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізу мерзімін ұзарту бақылау субъектісін не оның уәкілетті адамын міндетті түрде хабардар ете отырып, тексеруді ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді. Тексеруді ұзарту туралы қосымша актіде тексеру тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күні және ұзарту себебі көрсетіледі.

Тексеру мерзімін ұзарту туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкері (қызметкерлері) ұзартылғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын табыс етеді.

10. Тексеру тағайындау туралы акт бақылау субъектісіне не оның уәкілетті адамына табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталғаны болып есептеледі.

11. Тексеру тағайындау туралы актіде:

- 1) актінің нөмірі мен күні;
- 2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органы бөлімшесінің атауы;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген қызметкерінің (қызметкерлерінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары және сарапшылары туралы мәліметтер;

5) бақылау субъектісінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы) немесе өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау субъектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі;

- 6) тұрған жері көрсетілген бақылау объектісінің атауы;

7) тексеру жүргізу нысанасы, оның ішінде міндетті талаптары тексерілуге жататын нормативтік құқықтық актілер;

8) тексеру жүргізу мерзімі;

9) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері;

10) бақылау субъектісінің осы Заңың 23-5-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері;

11) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының актіге қол қоюға уәкілеттік берілген қызметкерінің (қызметкерлерінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), Қазақстан Республикасы ішкі істер органының мөрі;

12) бақылау субъектісінің (занды тұлға басшысының, жеке тұлғаның) немесе уәкілетті адамның тексеру тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы көрсетіледі.

12. Тексеру тағайындау туралы акт, тексеруді ұзарту туралы қосымша акт Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру тағайындаған бөлімшелеріндегі тексерулерді тіркеу журналында тіркеледі.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкери тексеру тағайындау туралы актіні тексеру басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркейді, тексеруді ұзарту туралы қосымша актіні бақылау субъектісі немесе оның уәкілетті адамы тексеруді ұзарту туралы хабардар етілгеннен кейінгі келесі жұмыс күні ішінде тіркейді.

13. Тексеру тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартылған не Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) бақылау объектісіне кіруіне кедергі келтірілген, тексеру жүргізу үшін қажетті материалдар мен мәліметтер ұсынылмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шаралар қабылданады.

14. Қазақстан Республикасы ішкі істер органының тексеруді жүзеге асыратын қызметкери (қызметкерлері) тексеру нәтижелері бойынша екі данада:

1) тексеру нәтижелері туралы акт;

2) бұзушылықтар анықталған жағдайларда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

15. Тексеру нәтижелері туралы актіде:

1) актінің нөмірі, жасалған күні, уақыты және орны;

2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органы бөлімшесінің атауы;

3) тексеру жүргізуге негіз болған тексеру тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;

4) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары және сарапшылары туралы мәліметтер;

6) бақылау субъектісінің атауы (занды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы) немесе өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), уәкілетті адамның лауазымы (болған кезде);

7) тұрған жері көрсетілген бақылау объектісінің атауы;

8) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;

9) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;

10) бақылау субъектісінің немесе бақылау субъектісі уәкілетті адамының тексеру нәтижелері туралы актімен танысқаны туралы немесе танысадан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы, сондай-ақ жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша ескертпелердің және (немесе) қарсылықтардың бар-жоғы туралы белгі;

11) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) қолтаңбасы көрсетіледі.

16. Тексеру тағайындау туралы актіде не тексеруді ұзарту туралы қосымша актіде көрсетілген, тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмей тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасын бақылау субъектісіне немесе оның уәкілетті адамына табыс еткен күн тексеру мерзімінің аяқталғаны болып есептеледі.

17. Тексеру жүргізу кезінде бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

18. Бұзушылықтар анықталған жағдайларда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама тексеру аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде табыс етіледі.

19. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада:

1) нұсқаманың жасалған күні, уақыты және орны;

2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

3) бақылау субъектісінің атауы (занды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы) немесе өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеру жүргізу кезінде қатысқан уәкілетті адамның лауазымы (болған кезде);

4) тұрған жері көрсетілген бақылау объектісінің атауы;

5) тексеру нәтижелері туралы актінің нөмірі мен күні;

6) анықталған бұзушылықтардың тізбесі және анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі көрсетіле отырып, оларды жою туралы талаптар;

7) бақылау субъектісінің немесе оның уәкілетті адамының анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамамен танысқаны немесе танысадан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бастап тартуы;

8) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) қолтаңбасы көрсетіледі.

20. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне ықпал ететін мән-жайлар ескеріле отырып айқындалады, бірақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кем болмайды және он екі айдан аспайды.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін айқындау кезінде:

1) бақылау субъектісінде бұзушылықтарды жою бойынша үйымдастырушылық, техникалық мүмкіндіктерінің бар-жоғы;

2) инженерлік-техникалық қорғау құралдарының техникалық жай-күйінің ерекшеліктері;

3) мемлекеттік органдардан, жергілікті атқарушы органдардан міндетті қорытындыларды, келісулерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттарды алу мерзімдері;

4) бюджеттік жоспарлау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ресімделген растаушы құжаттар болған кезде, мемлекеттік бюджеттен қаржыланырылатын террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын үйимдастыруға мемлекеттік бюджеттен ақша түсімдерінің уақтылы, толық бөлінуі немесе болмауы ескеріледі.

21. Осы баптың 20-тармағының 3) және 4) тармақшаларымен байланысты мән-жайларды қоспағанда, егер тексеру жүргізу нәтижесінде бақылау субъектісінің осы Занда және терроризмге қарсы іс-қимыл туралы нормативтік

құқықтық актілерде белгіленген міндеттерді террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігінде орындау және (немесе) тиісінше орындау фактілері анықталған болса, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкері (қызметкерлері) өкілеттіктері шегінде бақылау субъектісін Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген жауаптылықта тарту жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

22. Тексеру нәтижелері бойынша ескертпелер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, бақылау субъектісі оларды жазбаша түрде баяндайды. Ескертпелер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, ол туралы тиісті белгі жасалады.

23. Тексеру нәтижелері туралы актіге және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға Қазақстан Республикасының ішкі істер органының жоғары тұрған бөлімшесіне не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

24. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жоғары тұрған бөлімшесі не сот жарамсыз деп таныған, тексеру нәтижелері туралы акт және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарын бұзғанының дәлелі болып табылмайды.

25. Тексеруді үйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзуга:

- 1) тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;
- 2) тексеру тағайындау туралы актінің болмауы;
- 3) Қазақстан Республикасы ішкі істер органының құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулер тағайындау;
- 4) осы бапта көзделген тексеру жүргізу мерзімін бұзу жатады.

**Ескерту. 8-тaraу 23-2-баппен толықтырылды - КР 04.07.2013 № 132-V
(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - КР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.**

23-3-бап. Террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-куйін бақылау нәтижелері

Ескерту. 23-3-бап алып тасталды - ҚР 13.05.2020 № 325-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-4-бап. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің тексеру жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) тексеру жүргізу кезінде:

1) осы Заның 23-2-бабының 7-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде материалдар мен мәліметтерді не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін алуға, сондай-ақ тексеру нысанасына сәйкес инженерлік-техникалық қорғау құралдарына, ақпараттық жүйелер мен автоматтандырылған дерекқорға қолжетімділік алуға;

3) бақылау объектісінің бағытына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша тартуға;

4) аудио-, фото- және бейнетусірілімді жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Тексеру жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкери (қызметкерлері):

1) террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасы терроризмге қарсы іс-қымыл туралы заңнамасында белгіленбеген талаптардың орындалуын тексеруге;

2) егер материалдар мен мәліметтер тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынуды талап етуге;

3) инженерлік-техникалық қорғау құралдарын (олардың элементтерін, ақпарат жеткізгіштерді) алып қою туралы хаттама ресімдемей алып қоюға;

4) тексеру жүргізудің белгіленген мерзімін асыруға;

5) тексеру нысанасына сәйкес бақылау субъектісі есебінен шығындық сипаттағы іс-шараларды жүргізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған, коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға құқылы емес.

3. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкери (қызметкерлері) тексеру жүргізу кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, бақылау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;
- 2) тексеруді осы Заңда айқындалатын негіздерде және тәртіпке сәйкес жүргізу;
- 3) тексеру жүргізу кезеңінде бақылау субъектісінің (объектісінің) белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;
- 4) бақылау субъектісіне немесе оның уәкілетті адамына тексеру жүргізу кезінде қатысуына кедергі келтірмеуге, тексеру нысанасына жататын мәселелер бойынша түсіндірме беруге;
- 5) тексеру жүргізу кезінде оның нысанасына жататын қажетті ақпаратты бақылау субъектісіне беруге;
- 6) тексеру жүргізу нәтижесінде алынған материалдар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 8-тaraу 23-4-баппен толықтырылды - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-5-бап. Бақылау субъектісінің немесе оның уәкілетті адамының тексеру жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Тексеруді жүзеге асыру кезінде бақылау субъектісі немесе оның уәкілетті адамы:

1) бақылау объektісіне тексеру жүргізу үшін келген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерін (қызметкерлерін) мынадай:

осы Заңың 23-2-бабының 7-тармағында көзделген құжаттар болмаған;

тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеру мерзімі өткен не тексеру ұзартылған жағдайда тексеруді ұзарту туралы қосымша актіде көрсетілген мерзім өткен жағдайларда, жібермеуге;

2) егер материалдар мен мәліметтер тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынбауға;

3) тексеру тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижесі туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен шағым жасауға;

4) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген талаптарын орындауда;

5) тексеруді жүзеге асыру процесін, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің), мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тартылатын мамандарының, консультанттарының және сарапшыларының жекелеген әрекеттерін олардың қызметіне кедергі жасамай, алынған ақпаратты, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және Интернетте еркін тарату құқығының аудио және фото-, бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге;

6) өз құқықтары мен занды мүдделерін білдіру мақсатында жүргізілетін тексеруге үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2. Тексеру жүргізу кезінде бақылау субъектісі немесе оның уәкілетті адамы:

1) бақылау субъекітісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына осы Заңың 23-2-бабының 7-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің), сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандарының, консультанттарының және сарапшыларының кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізу үшін келген қызметкерінің (қызметкерлерінің), сондай-ақ тексеру жүргізуге тартылатын мамандардың, консультанттардың және сарапшылардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкеріне (қызметкерлеріне) қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде материалдар мен мәліметтерді не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса тіркеу үшін ұсынуға, сондай-ақ террористік түрғыдан осал объектілердің инженерлік-техникалық қорғау құралдарына, оның ішінде ақпараттық жүйелерге және автоматтандырылған дерекқорға тексеру нысанасына сәйкес қолжетімділік беруге;

4) тексеру тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

5) тексеру аяқталған күні тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы алған кезде оның екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

6) тексеру жүргізу кезеңінде тексеру нысанасына жататын материалдарға өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ инженерлік-техникалық құралдардың,

ақпараттық жүйелер мен автоматтандырылған дерекқордың конфигурациясына және сипаттамасына өзгерістер енгізуге жол бермеуге;

7) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындауға міндettі.

Ескерту. 8-тaraу 23-5-баппен толықтырылды - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалау

Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының

Президенті